

«Техникалық және кәсіптік білімді дамыту және біліктілікті берудің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» АҚ

«РҒӨО» АҚ Бас директоры  
Ә. Әбжаппаровтың  
2014 жылғы «15» мамырындағы  
№59-Б бұйрығымен  
«БЕКІТІЛГЕН»

**ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРЫНДАРЫ  
БІТІРУШІЛЕРІНІҢ КӘСІПТІК ДАЯРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ  
БІЛІКТІЛІК БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ТЕСТ  
ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚҰРАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана - 2014

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарын бітіруші түлектердің кәсіптік даярлық деңгейін бағалауды ұйымдастыру мен өткізуге және біліктілігін тағайындауға арналған тест тапсырмаларын (ТТ) құрастыру бойынша осы әдістемелік ұсынымдар жоғары (бірінші) санатты арнайы пәндер оқытушылары, біліктілігі сәйкес келетін өндірістік оқыту шеберлері, бейіндік оқу-әдістемелік бірлестіктердің (ОӘБ) қызметкерлері, сондай-ақ жұмыс берушілер өкілдері мен басқа да құқықты заңды және жеке тұлғалар үшін арналған.

Әдістемелік ұсынымдарда тест тапсырмаларының мазмұны мен рәсімделуіне, келісім жасау және бекіту рәсіміне қойылатын негізгі талаптар ұсынылған.

Құрастырушылар: Керімбаева Э.С., Сейтжанова Л.М., Сахалбаева Г.Н – п.ғ.д., профессор В.С. Аванесов өткізген оқытудан өткен және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік бірлестіктерінің өкілдері

## Мазмұны

	Кіріспе .....	4
	Анықтаулар, белгілеулер және қысқартулар .....	5
1	Жалпы ережелер .....	6
2	Теориялық тест тапсырмаларының мазмұнына қойылатын талаптар .....	7
3	Теориялық тест тапсырмаларының құрастырылуына қойылатын талаптар .....	8
4	Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің мамандықтары бойынша тәжірибелік тапсырмаларының құрастырылуына қойылатын талаптар .....	9
5	Гуманитарлық мамандықтар бойынша тәжірибелік тапсырмалардың құрастырылуына қойылатын талаптар .....	
6	Тест тапсырмаларын әзірлеу, белсендіру, сараптау және аударуға қойылатын талаптар.....	11
7	ТжКБ мамандықтарының бейінді пәндері бойынша тест тапсырмаларын жасаушылар мен сарапшылар кандидатураларына қойылатын талаптар .....	12
8	Теориялық және тәжірибелік тест тапсырмаларын рәсімдеуге қойылатын талаптар .....	13
9	Қосымшалар (№1, №2, №3).....	15
10	Қолданылған әдебиеттердің тізімі .....	21

## Кіріспе

Тестілеу - бітіруші түлектердің білімдерін бағалаудың барынша тиімді заманауи әдістерінің бірі болып табылады.

Әдістің артықшылықтары:

- шапшаңдық, бағалау жылдамдығы;
- оңайлық және қол жетерлік;
- компьютерлік өңдеу, статистикалық әдістер мен талдау нәтижелерін пайдалану үшін қолайлы болып табылады.

Тестілеу ТжКБ бітіруші түлектердің білімдерін бақылау жүйесіндегі ҚДДБ-дың маңызды бір бөлігі болып табылады. Пайдалану үшін кәсіби даярланған тест аспабы шынайы жағдайға сәйкес келетін сапалы ақпаратты береді.

Тестілеу мақсаты бітіруші түлектердің қорытынды аттестациясының нәтижелері бойынша мамандардың сапалы даярлығының міндетімен анықталады, сондықтан барлық тест тапсырмалары білім беру мақсаттарымен байланысқан болуы тиіс.

ТТ жасаушылар мен сарапшылар біліктілігі сәйкес келетін жоғарыда келтірілген мамандар болуы мүмкін.

ТжКБ оқу мекемелерін бітіруші түлектердің кәсіби даярлығы деңгейін бағалау мен біліктілігін тағайындауға арналған ТТ құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар:

- ТжКБ мамандықтары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және соларға сәйкес келетін типтік оқу жоспарларының, білім берудің оқу бағдарламаларының біліктілік талаптарымен;

- біліктілік талаптарымен, ҚР ЕХӘҚМ Кәсіптер жіктегішімен, ҚР БҒМ ТжКБ кәсіптер және мамандықтар жіктегішімен қатаң сәйкестікте жасалған;

- Жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығымен (БТБА).

Әдістемелік ұсынымдарда ТжКБ оқу мекемелерін бітіруші түлектердің кәсіби білімдерін, ептіліктерін, дағдыларын және құзыреттерін объективті бақылау мен бағалауға арналған тест тапсырмаларын жасауға қойылатын талаптар баяндалған.

### **Анықтаулар, белгілеулер және қысқартулар**

**Аутентикалық** – аудару кезінде түпнұсқаға сәйкес келетін мәтіннің шынайылығы, ақиқаттылығы;

**Белсендіру** – ескірген мәліметтерді белгілі қолданыстағы жағдайға сәйкес жаңарту процесі, сондай-ақ тест ақпаратын түзету;

**Валидтік** – тест дәлелділігін, оның нәтижелерінің маңыздылығын, сондай-ақ, жасаушылармен мәлімденген мақсаттар үшін осы тесттің жарамдылығын көрсететін тест сапасының кешенді сипаттамасы;

**Дағдылар** – тараптар жағынан бақылаусыз өзіндік әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеру деңгейі;

**Сенімділік** - білімдер, ептіліктер және дағдылар деңгейін өлшейтін тесттің дәлдік дәрежесі;

**Тест тапсырмаларын әзірлеу** – ТТ мазмұнының тестілеу мақсаттарына сәйкестігі;

**Репрезентативтік** – тест мазмұнындағы оқу пәнінің тапсырмалары сандарының, тақырыптарының толықтығы мен жеткіліктілігі;

**Тестология** – бітіруші түлектің даярлығын және оның кәсіби құзыретін бағалау мүмкіншілігін арнайы жасалған тесттер көмегі арқылы зерделейтін ғылым;

**Ептілік** – қалыптастырылған білімдердің және дағдылардың жиынтығымен қамтамасыз етілетін әрекеттерді орындау қабілеттілігі;

**ҚР БҒМ** – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

**ҚР ЕХӘҚМ** – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

**«РҒӘО» АҚ** - «Техникалық және кәсіптік білімді дамыту және біліктілікті берудің Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» акционерлік қоғамы;

**КДДБ** – кәсіптік даярлық деңгейін бағалау;

**ОӘБ** – (бейін бойынша) оқу-әдістемелік бірлестігі;

**ӨО** – өндірістік оқыту.

**Тест** – бұл стандартты жағдайларда өткізілетін және белгілі білімдерді, ептіліктерді, дағдыларды, құзыреттерді игеру деңгейін

айқындауға ерік беретін тақырыптар жиынтығынан тұратын спецификалық өлшеуіш аспап;

**Сараптамалық қорытынды** (сараптама) – сарапшы немесе сараптамалық топ жұмысының нәтижесі болып табылатын, тапсырыс берушінің сараптама өткізу үшін қоятын сұрақтарына нақты және негізделген түрде жауап беретін ресми құжат.

## 1 Жалпы ережелер

1. Тесттер сенімділік, валидтілік (тестілеу нәтижелері талдауының сайма-сайлығы), репрезентативтік, тексерілетін оқу материалының көлемін тест тапсырмаларының қамту толықтығы талаптарымен сәйкес болуы тиіс.
2. Тест тапсырмаларына оқытылуы оқу бағдарламасымен қарастырылған оқу пәнінің барлық тақырыптарының енуі және үш күрделілік деңгейі (1-төменгі: ақпаратты тану; 2-орташа: бұрын игерілген ақпаратты еске түсіру, 3-күрделі: өз бетінше еске түсіруі және игерілген ақпаратты қайта түрлендіру (тапсырмаларды шешу, схемалар құру және т.б.) Үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген оқу әдебиеттеріне сәйкес болуы тиіс.
3. Пәннің әрбір тақырыбы бойынша қойылған сұрақтардың пайыздық қатынасы оқу бағдарламасының жоспарланған сағаттар санына сәйкес болуы тиіс.
4. Тест тапсырмалары қысқаша, артық тәптіштеп көрсетілусіз болуы керек, олардың сұрақтарының сыпайылығы, тестілеу тіліндегі құрастырылулар және терминдер дәлдігі ерекшеленуі қажет.
5. Әрбір тест тапсырмасында анықтылық, қисындылық пен бірге жаңылыс құрастырылуларының болмауы қажет.
6. Тест тапсырмалары жабық түрде болуы тиіс, яғни, бес нұсқаны құрайтын жауаптардың бірі дұрыс болуы керек.
7. Тест тапсырмалары қайталанбауы тиіс.
8. Жауаптардың барлық нұсқалары тапсырманың негізгі бөлімімен грамматикалық келісілген болуы керек.
9. Тестте, тестілеу мақсаттарына жету үшін қаншама тест тапсырмалары қажет болса, соншамасын пайдалану рұқсат етіледі.

10. Белгілеулер мен терминдерге өз қалауымен қысқартуларды, кіріспе фразаларды, қайталамаларды, мағынасын ұғынуда қиындық туғызатын түсініксіз, сирек тұтынылатын сөздерді және қысқартылып алынған атауларды (аббревиатураларды) енгізуге рұқсат етілмейді.

11. Рабайсыз ауызша құрылымдардан аулақ болған жөн, сондай-ақ, мәтіннен алынып тасталғанда, сөйлемнің мағынасын өзгертпейтін артық сөздерді пайдалануға болмайды.

12. ТТ жасаушылары қол қойып, тест тапсырмаларының сапасы (мазмұны, баяндалу сауаттылығы, жауаптың дұрыс нұсқасының қатесіздігі) үшін толық жауапкершілікті мойнына алады. Сараптаманың барлық түрлерінің, оның ішінде бейінді ОӘБ-нен (немесе ұқсас құрылымынан), бар болуы кезінде тест тапсырмалары «РҒӘО» АҚ тестілеу базасына қосылады.

13. Тест тапсырмаларының құпиялығы үшін заңды түрдегі жауапкершілік ТТ жасаушыларға, сарапшыларға және «РҒӘО» АҚ ҚДДБ басқармасының қызметкерлеріне жүктеледі.

## **2 Теориялық тест тапсырмаларының мазмұнына қойылатын талаптар**

14. Тест тапсырмалары бөлімдер (модульдар) бойынша дифференциалданған болуы және тест тапсырмаларының жалпы санынан күрделіліктің үш негізгі (төменгі - 50%, орташа – 30% және күрделі – 20%) деңгейін иемденуі қажет.

15. Әрбір бөлім (модуль), тақырып және пән бойынша тапсырмалардың қатынасы бір оқу сағатына екі тест тапсырмаларының есебінен типтік оқу бағдарламасы бойынша бөлінген сағаттар санына сәйкес болуы тиіс.

16. Мемлекеттік, орыс және басқа да тілдерде тест тапсырмаларын жасау, белсендіру кезінде сұрақтар мен жауаптар аутентикалы болуы қажет.

17. Аударма аутентикалы болуы үшін, ТТ жасаушылар ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясымен бекітілген терминологиялық сөздіктерге сүйенуі тиіс.

Тапсырмаларда және жауаптарда қалыптасқан, аударылмайтын, жиі қолданылатын терминологияның және шығармалардың атауларын қазақ және орыс тілдерінде қолдануға рұқсат етіледі. Мысалы,

«космонавтика», «сырмақ» және т.б.

18. Тест тапсырмаларының ішіндегі мазмұнын енгізу үшін мәтіндік редактордағы жолдарды, бағаналарды қосуға немесе алып тастауға, ұяшықтарды бөлуге немесе біріктіруге, сұрақтардың немесе жауаптардың мазмұнын ауыстыруға тыйым салынады.

### **3 Теориялық тест тапсырмаларының құрастырылуына қойылатын талаптар**

19. Тест тапсырмалары тестология қағидаларына сәйкес сұрақ түрінде емес, қисынды сөйлем (хабарлы сөйлем) нысанында, мағыналы мазмұнның айқындығына жету үшін сөздердің, символдардың қысқаша және мұқият таңдалуымен баяндалуы тиіс. Тест тапсырмасының түйінді сөздерін сөйлемнің алдыңғы жағына шығару қажет.

20. Жауаптар нақтылы және бағалау ережелерінің біркелкілігімен болуы керек, сонымен қоса, материалды игеру деңгейін шын немесе жалған сөйлем түрінде қисынды аяқтаумен көрсетуі қажет.

21. Тапсырманың мазмұнын және оның орындалуын түсінуге жұмсалған орташа уақыт тапсырмалардың бүкіл блогы бойынша мүмкін шектерде болуы қажет.

22. Біреуі ғана дұрыс және төртеуі шындыққа ұқсайтын, бес жауапты таңдаудағы нұсқада «барлық жауаптар дұрыс», «дұрыс жауап жоқ» түріндегі жауаптар нұсқалары жарамайды. Жауаптар нұсқаларының дұрыстығы таласты болмауы тиіс. Жауаптардың басқа да нұсқаларына деген сілтемелер жіберілмейді.

23. Бір тапсырманы шешуге қажетті уақыт 1,5 минуттан аспауы керек. Тест сұрақтарының жалпы көлеміне және қорытынды аттестацияның белгіленген ұзақтығына қарай бөлінген қажетті уақыт 2,5 астрономиялық сағаттан асырылмай есептеледі.

24. Бір мамандыққа жасалатын тест тапсырмаларының саны әрбір пәнді зерделеуге бөлінген оқу сағаттарының көлемімен сәйкес қорытынды аттестацияға шығарылатын бейінді (2-ден кем емес) пәндер санымен анықталады.

25. Дұрыс емес жауаптар епті түрде жасалуы керек, оларда айқын дәлсіздіктер және білдіртпей айтылған сөздер болмауы қажет.



26. Білімдерді бағалаудың көпшілікпен мақұлданған 5-балдық жүйесіне тестілеу нәтижелерін аудару келесі көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады:

«өте жақсы» - 90-100%,

«жақсы» - 75-89%,

«қанағаттанарлық» - 60-74%,

«қанағаттанғысыз» - дұрыс жауаптардың 60%-дан аз болуы;

27. Тест тапсырмаларын әзірлеу, белсендірудің аяқталуына қарай, әзірлеуші жұмыс берушіден және ОӘБ-тен сараптама алады, осыдан кейін ТТ хаттама және сараптамалық қорытындыменмен қоса «РҒӘО» АҚ-на ұсынады.

#### **4 Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің мамандықтары бойынша тәжірибелік тапсырмаларының құрастырылуына қойылатын талаптар**

Тапсырманың мақсаты – сәйкес келетін біліктілік талаптарына бітіруші түлектердің даярлығы деңгейінің сәйкестігін тексеру.

Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің мамандықтары бойынша тәжірибелік тест тапсырмалары мамандықтардың (кәсіптердің) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының білім беру деңгейлеріне және жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифті-біліктілік анықтамалығымен сәйкес, жұмыс берушінің талаптарын есепке ала отырып, ағымдағы оқу жылына құрастырылады.

28. Тәжірибелік тапсырманы құрастыру кезінде арнайы пәндер, өндірістік оқыту және кәсіби тәжірибе бойынша типтік оқу бағдарламаларының талаптарын ескеру қажет.

29. Тәжірибелік тапсырмаларда, өндірістік оқыту және кәсіби тәжірибе курсы мазмұнындағы барынша типті жұмыстардың тізімі мен бірізділігін көрсету қажет.

30. Мамандық (кәсіп) бойынша тәжірибелік тапсырмаларды құрастыру кезінде күрделілік деңгейлері бойынша тапсырмаларды орындау үшін нормаланған уақытты көрсету қажет.

31. Тәжірибелік тапсырмаларда қажетті жабдықтар мен шығын материалдарының тізімі көрсетілуі тиіс.

32. Тәжірибелік тапсырмаларды бағалау 4.1 кестесімен сәйкес 5-балдық жүйеде жүргізіледі.

4.1 кесте – Тәжірибелік тапсырманы бағалау көрсеткіштері мен белгілері

Нәтиже	Сапа	Баға	
90 - 100 %	Өте жақсы	5	«сынақталған»
75 - 89%	Жақсы	4	
60 – 74%	Қанағаттанарлық	3	
60 %-дан аздау	Қанағаттанғысыз	2	«сынақталмаған»
<b>Техникалық мамандықтар бойынша тәжірибелік тапсырманы бағалау белгілері</b>			
Профилін есепке ала отырып, функцияларды атқаруын (талаптарға сәйкестік деңгейін) тексеру – 60 %			
Қауіпсіздік техникасы – 10 %			
Бұйымның (өнімнің) сыртқы түрін тексеру – 10 %			
Өлшемдерді бақылау – 15 %			
Уақытты ұстану – 5 %			

### **5 Гуманитарлық мамандықтар бойынша тәжірибелік тапсырмалардың құрастырылуына қойылатын талаптар**

Тапсырманың мақсаты – ептіліктерді, дағдыларды, іс-әрекеттің меңгерілген тәсілдерін, біліктілік талаптарына бітіруші түлектердің даярлығы деңгейінің сәйкестігін тексеру.

Гуманитарлық мамандықтар бойынша тәжірибелік тест тапсырмалары мамандықтардың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес ағымдағы оқу жылына құрастырылады.

33. Тәжірибелік тапсырманы құрастыру кезінде арнайы пәндер, өндірістік оқыту және кәсіптік тәжірибе бойынша типтік оқу бағдарламаларының талаптарын ескеруі қажет.

34. Тәжірибелік тапсырмаларда жұмыстардың және қажетті жабдықтардың тізімі, өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибе курсы мазмұнындағы тапсырмаларды орындау технологиясы көрсетілуі керек.

35. Мамандық бойынша тәжірибелік тапсырмаларды құрастыру кезінде күрделілік деңгейлері бойынша есептерді шығарудың негіздері мен жолдарын көрсету қажет.

36. Тәжірибелік тапсырмаларды бағалау 5.1 кестесімен сәйкес 5-балдық жүйеде жүргізіледі

5.1 кесте – Тәжірибелік тапсырманы бағалау көрсеткіштері мен белгілері

Нәтиже	Сапа	Баға	
90 - 100 %	Өте жақсы	5	«сынақталған»
75 - 89%	Жақсы	4	
60 - 74%	Қанағаттанарлық	3	
60 %-дан аздау	Қанағаттанғысыз	2	«сынақталмаған»
<b>Гуманитарлық мамандықтардың профилі бойынша тәжірибелік тапсырманы бағалау белгілері</b>			
Профилін есепке ала отырып, функцияларды атқаруын (талаптарға сәйкестік деңгейін) тексеру – 60 %			
Тапсырмалардың бақыланатын түрлерін тексеру – 15 %			
Өлшемдерді бақылау – 15 %			
Уақытты ұстану – 10 %			

## **6 Тест тапсырмаларын әзірлеу, белсендіру, сараптау және аударуға қойылатын талаптар**

6.1 **Тест тапсырмаларын әзірлеу** – тест тапсырмалары қорытынды аттестаттауға кіретін арнайы пәндер бойынша, ТТ қойылатын талаптарға сәйкес құрастырылады.

ТТ әзірлеу аяқталған соң әзірлеуші хаттама жасайды және бейін бойынша ОӘБ-тен және жұмыс берушіден сараптамалық қорытынды алады. (1-қосымша).

Сараптамалық қорытындыны (сараптама нәтижесі) алғаннан кейін әзірлеуші ТТ, хаттама және сараптамалық қорытындыны «РҒӨО» АҚ-на жібереді.

6.2 **Белсендіру өткізу үшін тест тапсырмаларының жағдайын талдау** – тиісті бейін бойынша ОӘБ ТТ-ның ТТ нормативтік құжаттармен (МЖМБС, ҮОЖ, ҮОБ, БТБА және т.б.) құрастыруға қойылатын талаптарға сәйкестігіне сараптама жасайды.

Тест тапсырмаларының жағдайын талдау қорытындысы бойынша белсендіру өткізу үшін бейін бойынша ОӘБ шешім қабылдайды (2-қосымша):

1. ТТ-дағы сұрақтарды өзгеріссіз қалдыру;
2. Тест тапсырмаларын қайта қарау (себептер, негіздемелер және т.б.);
3. Тест тапсырмаларын алып тастау (себептер, негіздемелер және т.б.).

Шешім қабылдағаннан кейін ОӘБ ТТ, хаттама және сараптамалық қорытындыны тест тапсырмаларын белсендіру үшін «РҒӘО» АҚ-на жібереді.

**6.3 Тест тапсырмаларын белсендіру** – ОӘБ сараптамалық қорытындысына сәйкес тест тапсырмаларын белсендіру жөніндегі сарапшы ТТ-на қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Белсендіру қорытындылары бойынша тест тапсырмаларын белсендіру жөніндегі сарапшы ТТ, хаттама және құрамына жұмыс берушілердің өкілдері кіретін сарапшы топтың сараптамалық қорытындысын «РҒӘО» АҚ-на орталық базаға енгізу үшін жібереді. (3-қосымша).

**6.4 Тест тапсырмаларын сараптау – сарапшы топ** (бейін бойынша ОӘБ және жұмыс беруші) әзірленген тест тапсырмаларының мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келуін тексереді.

**6.5 Тест тапсырмаларын аудару** – тест тапсырмаларын әзірлеу, белсендіру кезінде сұрақтар мен жауаптар мемлекеттік, орыс және басқа тілдерде түпнұсқалық дәлме-дәл болуы және ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен терминологиялық сөздіктерді ұстануы тиіс.

## **7 ТжКБ мамандықтарының бейінді пәндері бойынша тест тапсырмаларын жасаушылар мен сарапшылар кандидатураларына қойылатын талаптар**

7.1 кесте – ТТ жасаушылар мен сарапшыларды таңдау параметрлері

<b>№р/р</b>	<b>Белгілердің атаулары</b>	<b>Көрсеткіштер</b>
1	Өтілі (бейін бойынша жұмысы және/немесе пәнді оқытуы)	5 жылдан кем емес
2	Санаты (оқытушы, ӨО шебері, әдіскер ретінде)	жоғары немесе бірінші
3	Білімі	(бейін бойынша) жоғары
4	ТжКБ саласындағы нормативтік құжаттамаларды жасауға қатысуы	<i>болғаны жөн</i>
5	Бейінді пән бойынша оқытушы мен оның студенттерінің	<i>болғаны жөн</i>

	жетістіктері	
6	Бейінді пән бойынша сертификаттардың, мадақтамалардың, ғылыми дәрежесі мен озаттық белгілердің бар болуы	<i>болғаны жөн</i>
7	Кейінгі 3 жыл ішіндегі бейінді пән (бейін) бойынша біліктілігін жоғарылату курстарын өткені жәйлі құжаттардың бар болуы	<i>болғаны жөн</i>

**Ескерту** – Көрсетілген белгілерге сәйкес келетін жасаушы кандидатуралардың болмай қалуы жағдайында «РҒӨО» АҚ және (бейін бойынша) ОӘБ жетекшілерімен келісім жасау бойынша басқа да жақтаушы кәсіпорындардың білікті кандидатуралары ұсынылады.

### **8 Теориялық және тәжірибелік тест тапсырмаларын рәсімдеуге қойылатын талаптар**

37. Тест тапсырмаларының ішкі мазмұнының енгізілуі мен рәсімделуі тестілеу бағдарламасының (*бағдарлама тіркеледі*) ажыратылмас бөлігі болып табылатын «Тест тапсырмаларының жиынтығы» бағдарламасында орындалады.

#### **1 үлгі - Теориялық тест тапсырмасын «MS Word» пішінінде рәсімдеу** (doc немесе rtf, сурет, формула, кесте)

**Мамандық:** мамандықтың (мамандандырудың) коды және атауы

**Біліктілік:** коды және атауы

**Пән:** атауы

**Тіл:** оқыту тілі

**Авторлар:** тегі (толығымен) және инициалдары

#### **Жасаушылардың мекен-жайлары:**

Алматы қ., Алматы политехникалық колледжі, оқу мекемесі директорының және жасаушылардың реквизиттері (тел./факс, e-mail).

#### 8.1 кесте – Тест тапсырмасын жазу нысаны

№1 Тапсырма	Сұрақтың мәтіні (форматталған мәтін, формула, сурет)
Бөлім	
Тақырып	
Күрделілік	

Дұрыс	
Дұрыс емес	
Дұрыс емес	
Дұрыс емес	
Дұрыс емес	

**2 Үлгі - Тәжірибелік тест тапсырмасын «MS Word» пішінінде рәсімдеу** (doc немесе ttf, сурет, формула, кесте)

**Мамандық:** мамандықтың (мамандандырудың) коды және атауы

**Біліктілік:** коды және атауы

**Разряд (класс, санат):**

**Тіл:** оқыту тілі

**Авторлар:** тегі (толығымен) және инициалдары

**Жасаушылардың мекен-жайлары:**

Алматы қ., Алматы политехникалық колледжі, оқу мекемесі директорының және жасаушылардың реквизиттері (тел./факс, e-mail).

8.2 кесте – Тәжірибе тапсырмасын жазу нысаны

№1 Тапсырма	
Білімдердің, ептіліктердің және дағдылардың бақыланатын түрлері	
Орындаудың нормаланған уақыты, мин.	
Тапсырманың орындалуын бағалау белгілері	
Тапсырманы орындау технологиясы	
Бейін бойынша қажетті жабдықтар тізімі	

**бойынша тест тапсырмаларын әзірлеу бойынша әзірлеуші-авторлар және  
сарапшылар тобы отырысының  
№ \_\_\_\_ ХАТТАМАСЫ**

\_\_\_\_\_ мамандығы  
\_\_\_\_\_ біліктілігі  
\_\_\_\_\_ мамандандыру

Өңір атауы

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

**Қатысқандар:**

(Автор – әзірлеушінің, сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(Автор – әзірлеушінің, сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(Автор – әзірлеушінің, сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Арнайы пәндер бойынша тест тапсырмаларын әзірлеу:
  - 1.
  - 2....
2. Кәсіптік даярлық деңгейін бағалауды өткізуге арналған тест тапсырмаларын құрастыру бойынша ұсыныс әзірлеу.

**Бірінші сұрақ бойынша:**

**Екінші сұрақ бойынша:**

**ШЕШІМ:**

**Әзірлеуші-авторлар тобының құрамы:**

(Автор – әзірлеушінің, сарапшының аты-жөні, лауазымы)

(Автор – әзірлеушінің, сарапшының аты-жөні, лауазымы)

(Автор – әзірлеушінің, сарапшының аты-жөні, лауазымы)

**Ескерту:** сараптама тобы мүшелерінің қолтаңбасы мен білім беру ұйымының мөрі міндетті

## Тест тапсырмаларын әзірлеудің сараптама қорытындысы

\_\_\_\_\_ мамандығы  
\_\_\_\_\_ біліктілігі  
\_\_\_\_\_ мамандандыру

Сараптама тобы құрамында:

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

\_\_\_\_\_ арнайы пәні бойынша тест тапсырмаларын тексеріп  
(арнайы пән атауы)

мазмұны бойынша қойылатын сәйкестік талаптарына \_\_\_\_\_ тапсырма сәйкес келеді  
деп белгіледі:

1. ҚР ЕХӘҚМ кәсіптер жіктегішіне \_\_\_\_\_
2. ҚР БҒМ ТжКБ кәсіптер және мамандықтар жіктегішіне \_\_\_\_\_
3. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына \_\_\_\_\_
4. Үлгілік оқу жоспарларына \_\_\_\_\_
5. Үлгілік білім беретін оқу бағдарламалары \_\_\_\_\_
6. Жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің бірыңғай тарифті-біліктілік анықтамалығына (БТБА) \_\_\_\_\_
7. Оқу мерзімі \_\_\_\_\_
8. Сараптама комиссиясының ескертулерімен \_\_\_\_\_ шешті:

\_\_\_\_\_ мамандығы  
\_\_\_\_\_ біліктілігі  
\_\_\_\_\_ арнайы пән

бойынша тест тапсырмалары кәсіптік даярлық деңгейін бағалауды өткізуге ұсынуға болады.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ хаттамасы бойынша сараптамалық топ мәжілісінде талқыланып, бекітілген.

### Сараптама тобының мүшелері:

(Сарапшы аты-жөні)

(Сарапшы аты-жөні)

(Сарапшы аты-жөні)

**Ескерту:** сараптама тобы мүшелерінің қолтаңбасы мен білім беру ұйымының мөрі міндетті



**Тест тапсырмаларының жағдайын талдау бойынша сарапшылар тобы  
отырысының  
№ \_\_\_\_ ХАТТАМАСЫ**

\_\_\_\_\_ мамандығы  
\_\_\_\_\_ біліктілігі  
\_\_\_\_\_ мамандандыру

Өңір атауы

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

**Қатысқандар:**

(сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

**КҮН ТӘРТІБІ:**

3. Арнайы пәндер бойынша тест тапсырмаларына сараптама жүргізу:
  - 1.
  - 2....
4. Сұрақтарды өзгеріссіз қалдыру.
5. Тест тапсырмаларын қайта қарастыру (себептері, негіздеме және т.б.)
6. Тест тапсырмаларын алып тастау себептері, негіздеме және т.б.)
- 7.

**ШЕШІМ:**

**Автор-әзірлеушілер тобының құрамы:**

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы)

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы)

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы)

**Ескерту:** сараптама тобы мүшелерінің қолтаңбасы мен білім беру ұйымының мөрі міндетті

**Белсендіру үшін тест тапсырмаларының жағдайын талдау бойынша  
САРАПТАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

\_\_\_\_\_ мамандығы  
\_\_\_\_\_ біліктілігі  
\_\_\_\_\_ мамандандыру

Сараптама тобы құрамында:

(сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша кәсіптік даярлық деңгейін бағалауды өткізуге арналған тест тапсырмаларын тексеріп,

\_\_\_\_\_ (мамандық атауы)

\_\_\_\_\_ (біліктілік атауы)

\_\_\_\_\_ (арнайы пән атауы)

шешті:

1. Сұрақтарды өзгеріссіз қалдыру керек.
8. Тест тапсырмаларын қайта қарастыру (себептері, негіздеме және т.б.)
9. Тест тапсырмаларын алып тастау (себептері, негіздеме және т.б.)

№	1	2	3	4
	<b>Арнайы пән атауы</b>	<b>Сұрақтарды өзгеріссіз қалдыру</b>	<b>Тест тапсырмаларын қайта қарастыру (себептері, негіздеме және т.б.)</b>	<b>Тест тапсырмаларын алып тастау (себептері, негіздеме және т.б.)</b>
1				

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ хаттамасы бойынша сараптамалық топ мәжілісінде талқыланып, бекітілген.

**Сараптама тобының мүшелері:**

(Сарапшы аты-жөні)

(Сарапшы аты-жөні)

(Сарапшы аты-жөні)

**Ескерту:** сараптама тобы мүшелерінің қолтаңбасы мен білім беру ұйымының мөрі міндетті

**Тест тапсырмаларын белсендіру бойынша сарапшылар тобы отырысының  
№ \_\_\_\_ ХАТТАМАСЫ**

\_\_\_\_\_ мамандығы  
\_\_\_\_\_ біліктілігі  
\_\_\_\_\_ мамандандыру

Өңір атауы

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

**Қатысқандар:**

(сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Арнайы пәндер бойынша тест тапсырмаларына сараптама жүргізу. ТжКБ саласындағы нормативтік құжаттарға тест тапсырмаларының сәйкестігін тексеру:
  - ҚР ЕжХӘҚМ кәсіптер жіктегіші
  - ҚР БҒМ ТжКБ кәсіптер және мамандықтар жіктегіші
  - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
  - Үлгілік оқу жоспарлары (оқу мерзімі)
  - Жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)

**Бірінші сұрақ бойынша:**

**Екінші сұрақ бойынша:**

**ШЕШІМ:**

**Сарапшылар тобының құрамы:**

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы)

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы)

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы)

**Ескерту:** сараптама тобы мүшелерінің қолтаңбасы мен білім беру ұйымының мөрі міндетті

**Тест тапсырмаларын белсендірудің  
САРАПТАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

\_\_\_\_\_ мамандығы  
\_\_\_\_\_ біліктілігі  
\_\_\_\_\_ мамандандыру

Сараптама тобы құрамында:

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

(Сарапшының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

1. \_\_\_\_\_ арнайы пәні бойынша тест тапсырмаларын  
(арнайы пән атауы)  
тексеріп, ТжКБ саласындағы нормативтік құжаттарына \_\_\_\_\_ тапсырма сәйкес  
келеді деп белгіледі:

- ҚР ЕХӘҚМ кәсіптер жіктегішіне \_\_\_\_\_  
(жыл)
- ҚР БҒМ ТжКБ кәсіптер және мамандықтар жіктегішіне \_\_\_\_\_  
(жыл)
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына \_\_\_\_\_  
(жыл)
- Үлгілік оқу жоспарларына \_\_\_\_\_ , \_\_\_\_\_  
(жыл), (оқу мерзімі)
- Жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік  
анықтамалығына (БТБА) \_\_\_\_\_  
(жыл)

2. Салалар бойынша Оқу әдістемелік бірлестігінің тест тапсырмаларының жағдайына  
жасаған талдауы негізінде шешті:

№	1	2	3
	Арнайы пән атауы	Өргертулер енгізілді (саны, %)	Қосымшалар енгізілді (саны, %)
1			

\_\_\_\_\_ мамандығы  
\_\_\_\_\_ біліктілігі  
\_\_\_\_\_ арнайы пән

бойынша тест тапсырмалары кәсіптік даярлық деңгейін бағалауды өткізуге  
ұсынылсын.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ хаттамасы бойынша сараптамалық топ мәжілісінде  
талқыланып, бекітілген.

### Сараптама тобының мүшелері:

(Сарапшы аты-жөні)

(Сарапшы аты-жөні)

(Сарапшы аты-жөні)

**Ескерту:** сараптама тобы мүшелерінің қолтаңбасы мен білім беру ұйымының мөрі міндетті

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

В.С. Аванесов, п.ғ.д., профессор - "Педагогикалық өлшемдердің негіздері", "Тест тапсырмаларының нысандары", "Университет және мектеп", сондай-ақ білім беру саясаты және педагогикалық өлшемдер теориясы жөніндегі халықаралық конференциялардағы баяндамалар. "Педагогикалық диагностика", "Педагогикалық өлшемдер": ресей ғылыми-әдістемелік журналының нөмірлері - 4, 2012 г. 1-4, 2013 г.